

**Еуропалық экономикалық комиссия****1975 жылғы ХЖТ Конвенциясының  
Әкімшілік комитеті****Жетпіс екінші сессия**

Женева, 6 ақпан 2020 жыл

Алдын ала күн тәртібінің 5 с)-тармағы

**Конвенцияны Қайта Қарау****Конвенцияға әлі ресми****қабылданбаған түзетулер****бойынша мақұлданған ұсыныстар****Конвенцияның негізгі мәтініне түзетулер бойынша әртүрлі  
ұсыныстар және 11-қосымшаны енгізу****Хатшылық жазбахаты****I. Анықтамалық ақпарат және мандат**

1. Комитет өзінің жетпіс бірінші сессиясында (2019 жылғы қазан) ақыр соңында ХЖТ Конвенциясының негізгі бөлігінің кейбір ережелеріне түзетулер енгізу және 2020 жылғы ақпандағы сессияда ресми қабылданғанға дейін енгізілген түзетулерімен ECE/TRANS/WP.30/AC.2/2019/9/Rev.2 құжатындағы 11-жаңа қосымшаны енгізу туралы ұсыныстар қабылдады. Ұлттық деңгейде шешім қабылдау процесін жеңілдету мақсатында Комитет сессияда бірлесіп тұжырымдалған және қабылданған тұжырымдарды түпкілікті мәтін ретінде ұсыну керек деп шешті. Комитет хатшылықтан соңғы мәтінді сессия жұмысы туралы қорытынды баяндаманың қосымшасына қосуды және оны 2020 жылғы ақпандағы сессияда ресми қабылдауға жәрдемдесу үшін ресми құжат ретінде шығаруды сұрады (ECE/TRANS/WP.30/AC.2/145, 38-тармақ).

2. Хатшылық қосымшада ХЖТ Конвенциясының негізгі мәтініне түзетулер бойынша қабылданған ұсыныстардың түпкілікті мәтінін, сондай-ақ Комитеттің жетпіс бірінші сессиясының жұмысы туралы түпкілікті баяндамаға қосымшада қамтылған жаңа 11-қосымшаны көрсетеді (ECE/TRANS/WP.30/AC.2/145 I-қосымшасын қараңыз).

3. Комитетке түзетулер бойынша осы ұсыныстарды ресми түрде қабылдау ұсынылады.

## Қосымша

### 1. 1-бап, жаңа s)-тармағы

1-баптың r)-тармағынан *кейін қосу:*

s) «eTIR процедурасы» термині электрондық деректермен алмасу арқылы жүзеге асырылатын, ХЖТ кітапшасының функционалдық баламасы ретінде қызмет ететін ХЖТ процедурасын білдіреді. ХЖТ конвенциясының ережелері қолданылатын кезде, eTIR процедурасының ерекшеліктері 11-қосымшада келтіріледі.

### 2. 3 b)-бабы

Қолданыстағы мәтінді *келесімен ауыстыру:*

b) тасымалдарға 6-баптың ережелеріне сәйкес өкілеттіктер берілген бірлестіктер кепілдік береді. Олар осы Конвенцияға 1-қосымшада келтірілген үлгіге сәйкес келетін ХЖТ кітапшасын қолдана отырып жүргізілуге немесе eTIR процедурасына сәйкес орындалуға тиіс.

### 3. 43-бап, бірінші жол

*«және 7-қосымшаның III-бөлігінің» деген сөздер «7-қосымшаның III-бөлігінің және 11-қосымшаның II-бөлігінің» деген сөздермен ауыстырылсын*

### 4. Жаңа 58-кватер-бабы

58-тер-бабынан *кейін қосу:*

#### 58-кватер-бабы

#### Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган

Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган құрылады. Оның құрамы, функциялары және процедура ережелері 11-қосымшада жазылған.

### 5. 59-бап, 2-тармақ, бірінші жол

*«Кез келген» деген сөз «60-бис-бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, кез келген» деген сөздермен ауыстырылсын.*

### 6. 59-бап, 3-тармақ, бірінші жол

*«60-бапта» деген сөздер «60 және 60-бис-баптарда» деген сөздермен ауыстырылсын.*

### 7. Жаңа 60-бис-бабы

60-баптан *кейін қосу:*

#### 60-бис-бабы

#### 11-қосымшаның күшіне енуінің және оған түзетулердің арнайы процедурасы

1. 59-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қаралатын 11-қосымша, 11-қосымшаны қабылдамағаны туралы жоғарыда аталған үш ай кезең ішінде Бас хатшыны жазбаша түрде хабардар еткен Уағдаласушы Тараптарды қоспағанда, барлық Уағдаласушы Тараптар үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Уағдаласушы Тараптарды хабардар еткен күннен он екі айлық кезең өткеннен кейін үш айдан соң күшіне енеді.

11-қосымша қабылдамау туралы өз хабарламасын кері қайтарып алатын Уағдаласушы Тараптар үшін депозитарий осындай хабарламаны кері қайтарып алу туралы хабарды алған күннен кейін алты айдан соң күшіне енеді.

2. 11-қосымшаға ұсынылған кез келген түзетуді Әкімшілік комитет қарайды. Мұндай түзетулер 11-қосымшамен байланысты дауыс беруге қатысқан Уағдаласушы Тараптардың көпшілігімен бекітіледі.

3. Осы баптың 2- тармағына сәйкес қаралған және бекітілген 11- қосымшаға түзетулерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы барлық Уағдаласушы тараптарға – ақпарат үшін не 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар жағдайында – қабылдау үшін жібереді.

4. Мұндай түзетулердің күшіне ену күні оларды бекіту сәтінде 11-қосымшамен байланысты дауыс беруге қатысқан Уағдаласушы тараптардың көпшілігімен айқындалады.

5. Түзетулер, егер бекіту сәтінде белгіленген неғұрлым ерте күнге дейін 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар болып табылатын мемлекеттердің бестен бір бөлігі немесе бесеуі, қайсысының аз болуына қарай, Бас хатшыға олардың түзетулерге қарсылық білдіретіні туралы хабарламаса, осы баптың 4-тармағына сәйкес күшіне енеді.

6. Күшіне енген кезде осы баптың 2-5-тармақтарында жазылған процедураларға сәйкес қабылданған кез келген түзету 11-қосымшамен байланысты барлық Уағдаласушы тараптар үшін осы түзетудің қатысы бар барлық алдыңғы ережелерді ауыстырады және олардың күшін жояды.

## **8. 61-бап, төртінші жол**

*«және 60» деген сөздер «60 және 60-бис» деген сөздермен ауыстырылсын.*

## **9. 9-қосымша, I-бөлім, 3-тармақ, жаңа xi)-тармақшасы**

3-тармақтың x)-тармақшасынан *кейін қосу:*

xi) құзыретті органдардың сұратымы бойынша 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар үшін 11-қосымшаның 10-бабының 2-тармағында сипатталған резервтік процедура жағдайында кепілдіктің жарамдылығын және ХЖТ тасымалдауы eTIR процедурасына сәйкес жүзеге асырылатындығын растау және ХЖТ тасымалдауға қатысы бар басқа да ақпаратты ұсыну.

## 10. 11-қосымша

10-қосымшадан кейін қосу:

### 11-қосымша

#### еTIR процедурасы

##### I-бөлім

##### 1-бап

##### Қолдану саласы

1. Осы Қосымшаның ережелері Конвенцияның 1-бабының с)-тармағында анықтамасы қамтылған еTIR процедурасын жүзеге асыруды реттейді және 60-бис-бабының 1-тармағында көзделгендей, осы қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар арасындағы қатынастарда қолданылады.

2. еTIR процедурасы 11-қосымшамен байланысты емес және бірыңғай кедендік аумағы бар кеден немесе экономикалық одаққа мүше-мемлекет болып табылатын Уағдаласушы тараптың аумағында ішінара жүзеге асырылатын тасымалдар үшін пайдаланылмайды.

##### 2-бап

##### Анықтамалар

Осы қосымшаның мақсаттары үшін:

a) «еTIR халықаралық жүйесі» термині еTIR процедурасына қатысатын тараптар арасында электрондық ақпаратпен алмасу үшін әзірленген ақпараттық коммуникациялық технологиялық (АКТ) жүйені білдіреді.

b) «еTIR ерекшеліктері» термині осы қосымшаның 5-бабының ережелеріне сәйкес қабылданған және өзгертілген еTIR процедурасының тұжырымдамалық, функционалды және техникалық ерекшеліктерін білдіреді.

c) «ХЖТ алдын ала деректері» термині ХЖТ кітапшасын ұстаушының еTIR процедурасына жүктерді орналастыру ниетіне байланысты еTIR ерекшеліктерін сәйкес жөнелтуші елдің құзыретті органдарына ұсынылған деректерді білдіреді.

d) «Өзгерістер туралы алдын ала деректер» термині ХЖТ кітапшасы ұстаушысының мағлұмдама деректерін өзгерту ниетіне байланысты еTIR ерекшеліктеріне сәйкес мағлұмдама деректерін өзгерту сұратылып отырған елдің құзыретті органдарына ұсынылған мәліметтерді білдіреді.

e) «Мағлұмдама деректері» термині ХЖТ алдын ала деректерін және құзыретті органдар қабылдаған өзгерістер туралы алдын ала деректерді білдіреді.

f) «Мағлұмдама» термині ХЖТ кітапшасының ұстаушысы немесе оның өкілі еTIR ерекшеліктеріне сәйкес жүкті еTIR процедурасына орналастыру ниеті туралы хабарлайтын актіні білдіреді. Құзыретті органдар мағлұмдаманы қабылдаған сәттен бастап – ХЖТ-ның алдын ала деректері немесе өзгерістер туралы алдын ала деректер негізінде – және мағлұмдама деректерін еTIR халықаралық жүйесіне жібергеннен кейін ол қабылданған ХЖТ кітапшасының заңды баламасы болып табылады.

g) «Ілеспе құжат» термині еTIR техникалық ерекшеліктерінде қамтылған басшылыққа алынатын қағидаттарға сәйкес мағлұмдама қабылданғаннан кейін кеден жүйесі электрондық түрде жасаған баспа құжатын білдіреді. Ілеспе құжат жүріс бағыты бойынша кикілжіндерді тіркеу үшін пайдаланылуы мүмкін және осы Конвенцияның 25-бабына сәйкес хаттаманы ауыстырады, сондай-ақ резервтік процедураның мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

h) «Аутентификация» термині жеке немесе заңды тұлғаның электрондық сәйкестендірілуін немесе расталуға жататын электрондық нысандағы деректердің шығу тегі мен тұтастығын қамтамасыз ететін электрондық процесті білдіреді.

### 3-бап

#### еTIR процедурасын жүзеге асыру

1. 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар өздерінің кеден жүйелерін еTIR ерекшеліктерін сәйкес еTIR халықаралық жүйесіне қосады.

2. Әрбір Уағдаласушы тараптың өзі үшін өзінің кеден жүйелерін еTIR халықаралық жүйесіне қосатын күнді белгілеуге мүмкіндігі бар. Қосылу күні 11-қосымшамен байланысты барлық басқа Уағдаласушы тараптарға нақты қосылу күніне дейін кемінде алты ай бұрын хабарланады.

### 4-бап

#### Жүзеге асыру жөніндегі техникалық органның құрамы, функциялары және процедура ережелері

1. 11-қосымшаға байланысты Уағдаласушы тараптар Жүзеге асыру жөніндегі техникалық органның мүшелері болып табылады. Оның сессиялары тұрақты негізде немесе Әкімшілік комитеттің өтініші бойынша еTIR ерекшеліктерінің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты шақырылады. Әкімшілік комитетке Жүзеге асыру жөніндегі техникалық органның қызметі мен түсініктері туралы ақпарат тұрақты түрде ұсынылады.

2. 60-бис-бабының 1-тармағында көзделгендей, 11-қосымшаны қабылдамаған Уағдаласушы тараптар және халықаралық ұйымдардың өкілдері байқаушылар ретінде Жүзеге асыру жөніндегі техникалық органның сессияларына қатыса алады.

3. Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган еTIR процедурасын жүзеге асырудың техникалық және функционалды аспектілерін мониторингілеумен айналысады, сондай-ақ оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат алмасуды үйлестіреді және оның дамуына жәрдемдеседі.

4. Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган өзінің бірінші сессиясында өзінің процедура ережелерін бекітеді және оларды 11-қосымшаның ережелеріне байланысты Уағдаласушы тараптардың мақұлдауы үшін Әкімшілік комитетке ұсынады.

### 5-бап

#### еTIR ерекшеліктерін қабылдау және өзгерту тәртібі

Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган:

а) еTIR процедурасының техникалық ерекшеліктерін және олардың еTIR процедурасының функционалды ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін оларға түзетулерді қабылдайды. Оларды қабылдау кезінде ол оларды іске асыру үшін тиісті өтпелі кезең туралы шешім шығарады;

б) еTIR процедурасының тұжырымдамалық ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін еTIR процедурасының функционалды ерекшеліктерін және оған түзетулерді дайындайды. Олар 11-қосымшамен байланысты дауыс беруге қатысқан Уағдаласушы тараптардың көпшілігінің қабылдауы үшін Әкімшілік комитетке жіберіледі, сондай-ақ қабылдау кезінде айқындалатын күн жағдайы бойынша енгізіледі және қажет болған жағдайда техникалық ерекшеліктерге өзгертіледі;

с) Әкімшілік комитеттің тапсырмасы бойынша eTIR процедурасының тұжырымдамалық ерекшеліктеріне түзетулерді қарастырады. eTIR процедурасының тұжырымдамалық ерекшеліктері және оған түзетулер 11-қосымшамен байланысты қатысып отырған және дауыс беруге қатысатын Уағдаласушы тараптардың көпшілігімен қабылданады, сондай-ақ қабылдау кезінде айқындалатын күн жағдайы бойынша енгізіледі және қажет болған жағдайда функционалдық ерекшеліктерге өзгертіледі.

#### 6-бап

#### ХЖТ алдын ала деректерін және өзгерістер туралы алдын ала деректерді ұсыну

1. ХЖТ-ның алдын ала деректерін және өзгерістер туралы алдын ала деректерді ХЖТ кітапшасын ұстаушы немесе оның өкілі жөнелтуші елдің және мағлұмдаманың деректерін өзгерту сұратылып отырған елдің құзыретті органдарына жібереді. Ұлттық заңнамаға сәйкес мағлұмдама немесе өзгерістер қабылданғаннан кейін құзыретті органдар мағлұмдама деректерін немесе оларға енгізілген өзгерістерді eTIR халықаралық жүйесіне жібереді.

2. 1-тармақта аталған ХЖТ алдын ала деректері және өзгерістер туралы алдын ала деректер тікелей құзыретті органдарға немесе eTIR халықаралық жүйесі арқылы жіберілуі мүмкін.

3. 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар eTIR халықаралық жүйесі арқылы ХЖТ алдын ала деректерінің және өзгерістер туралы алдын ала деректердің ұсынылуын мойындайды.

4. Құзыретті органдар олардың көмегімен ХЖТ алдын ала деректері мен өзгерістер туралы алдын ала деректер ұсынылуы мүмкін барлық электрондық құралдардың тізбесін жариялайды.

#### 7-бап

#### Ұстаушының аутентификациясы

1. Жөнелту елінде мағлұмдаманы қабылдау немесе жүріс бағыты бойынша кез келген елде мағлұмдама деректеріне өзгерістер енгізу кезінде құзыретті органдар ұлттық заңнамаға сәйкес ХЖТ алдын ала деректерін немесе ХЖТ кітапшасын өзгерту және ұстаушы туралы алдын ала деректерді аутентификациялайды.

2. 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар халықаралық eTIR жүйесі жүзеге асыратын ХЖТ кітапшасы ұстаушысының аутентификациясын мойындайды.

3. Құзыретті органдар осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерден басқа – аутентификация үшін пайдаланылуы мүмкін аутентификация тетіктерінің тізбесін жариялайды.

4. 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар жөнелтуші елдің және eTIR халықаралық жүйесі арқылы мағлұмдама деректерін өзгерту сұралатын елдің құзыретті органдарынан алынған мағлұмдама деректерін қабылданған ХЖТ кітапшасының заңды баламасы ретінде таниды.

#### 8-бап

#### Ұстаушының аутентификациясын өзара тану

Мағлұмдаманы және осы мағлұмдаға өзгерістерді қабылдайтын 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдары орындаған ұстаушының аутентификациясын 11-қосымшамен байланысты барлық кейінгі Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдары барлық ХЖТ тасымалдау процесінде таниды.

## 9-бап

### Қосымша деректерге қажеттілік

1. Функционалдық және техникалық ерекшеліктерде көрсетілген деректерге қосымша құзыретті органдар ұлттық заңнамада көзделген қосымша деректерді ұсынуды талап ете алады.

2. Құзыретті органдар талап етілетін ақпаратты функционалдық және техникалық ерекшеліктерде көрсетілген деректермен мүмкіндігінше шектеуі және осы қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатын ХЖТ тасымалдары үшін кедергілер жасамау үшін қосымша деректерді ұсынуды жеңілдету үшін шаралар қабылдауы қажет.

## 10-бап

### Резервтік процедура

1. Егер eTIR процедурасын жөнелту орнының кеденінде техникалық себептер бойынша бастау мүмкін болмаса, ХЖТ кітапшасының иесі ХЖТ процедурасына қайтып орала алады.

2. Егер eTIR процедурасы басталған, бірақ оны жалғастыру техникалық себептер бойынша қиын болған жағдайда, құзыретті органдар функционалдық және техникалық ерекшеліктерде көзделгендей, баламалы электрондық жүйелерден қосымша ақпарат болған кезде eTIR ерекшеліктерінде көрсетілген процедураға сәйкес ілеспе құжатты қабылдайды және өңдейді.

3. Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдары ұлттық кепілдік бірлестіктерінен ХЖТ тасымалдау eTIR процедурасына сәйкес жүзеге асырылатындығын және кепілдіктің жарамдылығын растауды, сондай-ақ ХЖТ тасымалдауға қатысы бар басқа да ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы.

4. 3-тармақта сипатталған тәртіп 9-қосымшаның I-бөлімінің 1 d)-тармағында көзделгендей, құзыретті органдар мен ұлттық кепілдік бірлестігі арасындағы келісімде белгіленеді.

## 11-бап

### eTIR халықаралық жүйесінің хостингі

1. eTIR халықаралық жүйесінің хостингі және оны әкімшілік басқару Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының (ЕЭК) қамқорлығымен қамтамасыз етіледі.

2. ЕЭК елдерге олардың кедендік жүйелерін eTIR халықаралық жүйесіне қосуға, оның ішінде жедел қосу алдында олардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сәйкестікті тексеру жүргізу арқылы көмек көрсетеді.

3. ЕЭК-на осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындау үшін қажетті ресурстар беріледі. Егер eTIR халықаралық жүйесі Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты бюджеті қаражатынан қаржыландырылмаса, онда ресурстарға деген қажеттілік Біріккен Ұлттар Ұйымының бюджеттен тыс қаражаты мен жобалары үшін қаржылық ережелер мен қағидаларға сәйкес өтеледі. Әкімшілік комитет ЕЭК-да eTIR халықаралық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қаржыландыру тетігін белгілейді және бекітеді.

## 12-бап

### eTIR халықаралық жүйесін әкімшілік басқару

1. ЕЭК кем дегенде 10 жыл бойы eTIR халықаралық жүйесінде деректерді сақтау және мұрағаттау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

2. eTIR халықаралық жүйесінде сақталатын барлық деректерді біріктірілген статистикалық деректерді алу мақсатында ЕЭК осы Конвенцияның құзыретті органдарының атынан пайдалана алады.

3. Аумағы бойынша тасымалдау eTIR процедурасына сәйкес жүзеге асырылатын, тікелей жауапты тұлғаның немесе тікелей жауапты тұлғалардың не ұлттық кепілдік беру бірлестігінің төлем міндеттемесіне байланысты әкімшілік немесе сот талқылауының нысанасы болатын Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдары тексеру мақсаттары үшін ЕЭК-на eTIR халықаралық жүйесінде сақталатын және дау нысанасы болып табылатын төлем туралы талапқа қатысы бар ақпаратты алу туралы сұратыммен жүгіне алады. Бұл ақпарат Ұлттық әкімшілік немесе сот ісін жүргізуде дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін.

4. Осы бапта көрсетілгендерге жатпайтын жағдайларда eTIR халықаралық жүйесінде сақталатын ақпаратты таратуға немесе оны уәкілетті емес тұлғаларға немесе ұйымдарға ашуға тыйым салынады.

### 13-бап

#### eTIR тасымалдарын өңдей алатын кеденнің тізбесін жариялау

Құзыретті органдар ХЖТ Атқарушы кеңесі құрған және жүргізетін уәкілетті кедендер туралы электрондық дерекқорға енгізілген eTIR процедурасына сәйкес ХЖТ операцияларын орындауға рұқсат етілген жөнелту орны кедендерінің, аралық кедендер мен межелі орын кедендерінің тізбесін тұрақты тексеруді және жаңартуды қамтамасыз етеді.

### 14-бап

#### ХЖТ Конвенциясының 10-қосымшасына сәйкес деректерді ұсынуға қатысты құқықтық талаптар

Осы Конвенцияға 10-қосымшаның 1, 3 және 4-тармақтарында баяндалған деректерді ұсынуға қатысты құқықтық талаптар eTIR процедурасы жүзеге асырылған жағдайда орындалды деп есептеледі.

## II- бөлім

### 11-қосымшаның 2 h)-бабына түсіндірме жазбалар

- 11.2 h)-1 eTIR ерекшеліктерінде сипатталған келісілген тәсіл анықталғанға дейін 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптар ХЖТ кітапшасының ұстаушысын, атап айтқанда, пайдаланушының атын/құпиясөзін немесе электрондық қолтаңбаларды қоса алғанда, олардың ұлттық заңнамасында көзделген кез келген процестің көмегімен аутентификациялай алады.
- 11.2. h)-2 eTIR халықаралық жүйесі мен құзыретті органдар алмасатын деректердің тұтастығы, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялық жүйелердің (АКТ) аутентификациясы eTIR техникалық ерекшеліктерінде айқындалғандай, қауіпсіз қосылыстар арқылы жүзеге асырылатын болады.

### 11-қосымшаның 3-бабының 2-тармағына түсіндірме жазба

- 11.3.2 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптарға 11-қосымша олар үшін күшіне енгеннен кейін өзінің ұлттық кеден жүйесін жаңарту және оның eTIR халықаралық жүйесімен байланысын қамтамасыз ету ұсынылады. Кедендік немесе экономикалық одақтар барлық мүше мемлекеттердің ұлттық кеден жүйелерін eTIR халықаралық жүйесіне қосуға қосымша уақыт беретін кешірек күнді тағайындай алады.



11-қосымшаның 6-бабының 3-тармағына түсіндірме жазба

11.6.3 11-қосымшамен байланысты Уағдаласушы тараптарға функционалдық және техникалық ерекшеліктерде көрсетілген әдістердің көмегімен ХЖТ алдын ала деректерін және өзгерістер туралы алдын ала деректерді ұсынудың қаншалықты мүмкін екенін тану ұсынылады.

11-қосымшаның 7-бабының 2-тармағына түсіндірме жазба

11.7.2 eTIR ерекшеліктерінде сипатталған құралдардың көмегімен eTIR халықаралық жүйесі ХЖТ алдын ала деректерінің немесе өзгерістер туралы алдын ала деректердің тұтастығын және ХЖТ кітапшасының ұстаушысы деректерді жібергенін қамтамасыз етеді.

11-қосымшаның 7-бабының 4-тармағына түсіндірме жазба

11.7.4 eTIR ерекшеліктерінде сипатталған құралдардың көмегімен eTIR халықаралық жүйесі мағлұмдама деректерінің тұтастығын және деректерді тасымалдауға қатысатын елдердің құзыретті органдары жібергенін қамтамасыз етеді.

11-қосымшаның 8-бабына түсіндірме жазба

11.8 eTIR ерекшеліктерінде сипатталған құралдардың көмегімен eTIR халықаралық жүйесі құзыретті органдардан алынған және құзыретті органдарға жіберілген мағлұмдама деректерінің тұтастығын, соның ішінде мағлұмдаманы қабылдайтын құзыретті органдармен аутентификацияланған ХЖТ кітапшасының ұстаушысына сілтемені қамтамасыз етеді.

11-қосымшаның 11-бабының 3-тармағына түсіндірме жазба

11.11.3 Қажет болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар ХЖТ тасымалдау үшін алым негізінде eTIR халықаралық жүйесін пайдалануға арналған шығыстарды қаржыландыруға қатысты шешім қабылдай алады. Мұндай жағдайларда Уағдаласушы тараптар қаржыландырудың балама тетіктерін енгізу үшін қажетті тиісті уақытқа қатысты және оларды пайдалану шарттары туралы шешім қабылдайды. Талап етілетін бюджетті ЕЭК жасайды, Жүзеге асыру жөніндегі техникалық орган қарайды және Әкімшілік комитет бекітеді.